

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі

Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Жұлдыз» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Әбдіғазиева Айгерім				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	01.05-05.05.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Кір сұлгілерді аудыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сұлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйренініз. (енбек дағдылары)</p> <p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сұрту және киімді орнына мұқият бұктеу. Еңбеккорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті енбек етуді үйрету. (енбек дағдылары)</p> <p>"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсөніштерін дымқыл шүберекпен сұртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: женді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сыйғу, ластанған кезде оны сумен шаю. (енбек дағдылары)</p> <p>"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.</p>

				(еңбек дағдылары)
	<p>«Ұлттар достығы» тақырыбында фотосуреттер қарастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: ұлттар достығы тақырыбында бояу бояту. (сурет салу)</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Отан қорғаушыларға сыйлық".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: ысқыштан танкті құрастыруға үйрету.</p> <p>Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Алтын күн аспаны". Мақсат-міндеттер: балалардың жер бетінде тіршілік пен бейбітшілік болуы үшін Құннің қажеттігі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>«Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.</p>	<p>Ритмикалық жаттығулар Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды)</p> <p>Адыммен бір келкі, сап түзер боламыз. (сап түзейді)</p> <p>Біз жауынгер боламыз. (қолдарын бас тұсына қояды)</p> <p>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды)</p> <p>Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды)</p> <p>Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды) (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктең төменде ұстай.</p>			

	<p>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталаңады.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстau.</p> <p>1 - секіртпені жоғары ұстau; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталаңады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстap, отыру, секіртпені жоғары ұстau.</p> <p>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталаңады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстau.</p> <p>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шыгару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталаңады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстap, алдына қою.</p> <p>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталаңады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.</p> <p>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұstau).</p> <p>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталаңады. Жаттығу 6 рет қайталаңады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><i>Kөркем сөз</i></p> <p>Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырар барлығын!</p>

	<p>Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырmas! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Достық» шеңбері. Дос болам десен, Досынды сыйла, қымбаттым! Досыма сонда, Досымен ғана қымбатпын. - Ол - қуаныш, махаббат және достық шуағы. Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Женіс күнін тойлаймыз тақырыбында сұхбат жүргізу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! Жарты шеңбер жасап отырады. Бәрі бірге айтады. Ел, бейбітшілік, туған жер тақырыптарына байланысты мақал- мәтелдер жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында әнгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>«Қайырлы таң». Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, Ертемен, ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!» - деп кіремін. Ұлы ардагерлер көрмелерін ұйымдастырып, хикаяларын айтып беру.</p>

					(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаган ортамен танысу)
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет		<p>Қазақ тілі "Гүлдер. Алыс-жақын" Мақсат-міндеттер. Балалардың үйымындағы гүлдердің түрлері жайлы білімдерін кеңейту, олардың сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; нысанның орналасуын «жақын», «алыс» бақылау жайлы түсініктерін дамыту; көктемгі табигат өзгерістері туралы білімдерін нақтылау.</p> <p>Балаларды қазақ тілінде гүлдердің сыртқы</p>	<p>Дене шынықтыру "Допты қабырғаға лақтыру". Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жүппен тұра білуге және жүппен жүрү, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.</p>	<p>Музыка "Жауынгерлер маршы". Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғакты қозғала білу қабілеттеріне үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Доппен жаттығулар". Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша тоқтап жүру; түрлі бағытта жүгіру; бөрене арқылы еңбектеп өтуге үйрету.</p>

	<p>ерекшеліктерін суреттеу кезінде түсіну мен естуді үйрету; гұлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбак шешу арқылы еске сақтауды үйрету; суреттегі нысанның орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту.</p> <p>Байқампаздыққа, әдептілікке, айналасындағы заттарға деген мұқияттылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка "Женіс күнін тойлаймыз". Мақсат-міндеттер:</p>		
--	--	--	--

		балаларды әнді тындау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету.			
2- танғы ас	Тағамның атаян есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен		<p>Шырша, қарағай, жөке ағаштарын бақылау. Жапырақты ағаштармен салыстыру. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбак. Устінде жасыл тоны бар. Балаларды қуантар. (Шырша) Бақылау.</p>	<p>Бағбанның жұмысын бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Жеміс біткен бау- бақша Желі жайды жан- жаққа. Бақта құс та сайдады, Құйқылжытып сансаққа Қолға ап бақша</p>	<p>Бақаны бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. «Бақа». Бақа, бақа, балпақ, Басың неге жалпақ, Темір телпек көп киіп,</p>	<p>Құмырсқаларды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбак. Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. (Құмырсқа) Көркем сөз. Ұзын мұрты құмырсқа. Бара жатты жұмысқа</p>

	<p>Балаларды ағаштардың күрүлімын салыстыруға, қарастыруға қызықтыру. Шырша мен қарағай, олардың белгілерін ажыратуға үйрету, бұтактардың қалындығы мен орналасуы (қарағайда бұтактары жоғары, шыршада төменіне дейін). Олардың бояулары (қарағай – ақшыл, шырша - жасылдау), жапырақты және жөке ағаштарын салыстыру, ерекшеліктерін көрсету. Жөке ағаштары жіңішке, ұзын және жапырақтары ине тәріздес қатты келеді.</p> <p>Қимылды ойын. «Беркінді тап».</p>	<p>Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қосытып. Арам шөпті жұламын. Бақылау. Улкендердің жұмысы жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Жұмысқа қажет құрал-саймандармен таныстыру (тырнауыш, күрек, суқұйғыш т.б.). Бағбанның жұмысының нәтижесіне қамқорлықпен қарастаға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын. «Біз көнілді балалар». (дене шынықтыру)</p>	<p>Бақылау. Бақаны бақылау, оның ерекшеліктерін айту, түсі жасыл және дақтары бар, шөпте көрінбейді, саусақтарының арасындағы бос тері, жүзуге көмек береді, секіреді, жәндіктермен қоректенеді. Бақаның өмірі жайлы білімді кеңеиту.</p> <p>Қимылды ойын. «Өз үйшігінді тап». (дене шынықтыру) Әртурлі қыймыл қозғалыстарды жасау жөніндегі білгілерді бекіту: жүгіру, жүргүзу, секіру, белгі бойынша қимылдау (өз үйшіктерін табу), кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p>Еңбек. Балаларды еңбек етуге, үлкенге</p>	<p>Допты алғып қолына, Қойдым оның жолына Оң жағына қарады, Сол жағына қарады. «Биік тау,» - деп ойлады.</p> <p>Бақылау. Құмырсқалар ұсак, нәзік, еңбексүйгіш жәндіктер. Олар жердің астында өмір сүреді. Өмір сүретін жерін «илеу» деп атайды. Илеуді бұзуға болмайды, өйткені құмырсқалар бізге пайдалы.</p> <p>Қимылды ойын: «Туннель ішімен еңбектеу». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.</p>
--	---	---	--	--

	<p>(дene шынықтыру) Жоғарыға секіруге үйрету; физикалық сапасын шапшаңдығын, ептілігін ұйымдастыру қажеттілігін жалғастыру.</p> <p>Еңбек. Жөке ағаштарының маңын тазарту.</p> <p>Жөке ағаштарын қурап түскен қылқанын жинастыруға, ағаштарға жақсы қарауға ұмтылдыру.</p> <p>Жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар. Балаларға өз орнын сақтауға үйрету. Ойын жүрісінде қажет болған жағдайда 2-3 рөлдерді де орындауға үйрету;</p>	<p>қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>Еңбек. Гүлдерді күттеде бағбанға көмек. (еңбек дағдылары)</p> <p>Тапсырмаларды орындауға үйрету, жұмысты ұжыммен келісіп орындауға үйрету.</p> <p>Өз бетімен ойындар. Доппен ойнау. (дene шынықтыру)</p> <p>Доппен ойнау әдістері: жоғары лақтыру, ұстап алу, тебуді бекіту, жылдамдыққа баулу.</p>	<p>көмек көрсетуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> <p>Өз бетімен ойындар. Қағаз бақамен ойнау. Өз бетінше ойнай білу қабілеттілігіне тәрбиелеу.</p>	<p>Еңбек. Құмды қопсыту. (еңбек дағдылары)</p> <p>Жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар: Құмнан шаһар жасау.</p> <p>Балалар ақылдасып не салу керек екенін шешеді. Ұжым болып жұмыс істеу дағдыларын арттыру.</p>
--	--	--	---	---

		қарым-қатынас ережелерін білу, тең дәрежеде болу және басқару.			
Серуенниен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырmas!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Құндізгі ұйқы	«Алтын санаған аштан өледі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Бірте-бірте тұргызу, сауықтыру шаралары	<p>Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"</p> <p>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-				

Гигиеналық дагдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Тікұшак". Мақсат-міндеттер: балаларды қарындашпен тікұшакты салу техникасына үрету; тікұшакты қағаз бетінің ортасына, түрлі сопақшаларды үйлесімдікте орналастырып, тікұшак бейнесін салу амалдарын игерту; әскери қызмет, көліктер туралы білімдерді пысықтау.</p> <p>Ұлттық ойын.</p> <p>Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жауынгерлер марши. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-н] дыбысы". Мақсат-міндеттер: балаларды дауыссыз [Н] дыбысымен таныстыру; буын мен сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; әскери қызмет ұфымы туралы негізгі мағлұматтар беру.</p> <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әскери көліктеге арналған ені әртүрлі жолдар". Мақсат-міндеттер: балаларда біркелкі</p>	<p>Мұсіндеуден ойын-жаттығу "Көлшіктегі үйректің балапандары". Мақсат-міндеттер: балаларды үйректің балапанымен таныстыру, композиция жасауды үрету.</p> <p>Ұлттық ойын.</p> <p>Ақсерек - қоксерек Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап түрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ.</p> <p>Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек, Бізден сізге кім керек. 2-ші топ.</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Көгершін". Мақсат-міндеттер: балаларды Т. Таймасұлының "Көгершін" өлеңімен таныстыра отырып, көгершінді бейбіт елдің тірегі мен белгісі ретінде сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үрету және жаттату.</p>

	<p>айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді.</p> <p>Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуі ауыстырылады.</p> <p>Ойын ойнап болған соң балалар шенбер жасап тұрады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>заттардың шамасы, төрт түрлі ені туралы үғымдар</p> <p>қалыптастыру.</p>	<p>Ақсерек-ая, ақ серек, Сізден бізге ... (бала аты) керек.</p> <p>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады.</p> <p>Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>
--	---	---	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Лабиринт" дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойынның мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды тез қимылдауға тәрбиелеу.</p> <p>Ойынның барысы.</p> <p>Балаларға дайын лабиринт (қоян мен көгөніс) беріледі, балалар жылдам орындашығады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>"Қайсаң рухты баламын" тақпағын жаттау.</p> <p>Алатау, Алтай арасы –</p> <p>Қазақтың кең даласы.</p> <p>Мен боламын сол елдің</p> <p>Қайсаң рухты баласы.</p> <p>Өсіп, өніп, ержетіп,</p> <p>Ақылымды өрлетіп.</p> <p>Елімнің атын шығарам</p> <p>Мыңты елдермен тең етіп.</p> <p>Д.Сүлейменов</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Артикуляциялық жаттығу."</p> <p>"Дәмді тосап".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Жалпақ тілдің ұшын жоғары көтеру және тілді кесе (ожау)</p> <p>тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.</p> <p>Қысқаша сипаттамасы.</p> <p>Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.</p> <p>Әдістемелік нұсқау.</p> <p>1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.</p> <p>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.</p> <p>3. Тіл онға және солға емес, тек төмөн және</p>	<p>Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды)</p> <p>Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)</p> <p>Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды)</p> <p>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды)</p> <p>Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды)</p> <p>Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>
-------------------------------------	--	---	---	--

				жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері:	- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді тұзу қоюға машиқтандыру;	- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;	- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды үстануға тәрбиелеу;	- ая райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;
		- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.			(дербес әрекет)
Серуен	Тұскі серуендеңі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар				

	<p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырmas!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қараша, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қараша, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бўйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлышық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>

Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (**музыка**)

Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай женіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және женіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мұсіндеу. (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**)

Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстаяуға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастырудың пішіндердің көмегімен заттарды қиындауға немесе өз бетінше ойдан қыып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу. Дайын мұсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қакпақтың тұрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдал, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (**танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет**)

Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, тұн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.

	<p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.</p> <p>Коршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.</p> <p>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан үстаяу); коршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Кеңес: «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары».	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	Жоба: "Ұлы Отан ардагерлері". Балалардың майданға қатысқан ата-әжелерінің фотосуреттерін әкеліп, көрме үйымдастыруға тапсырма беру.	«Майдангер аталар» атты тақырыбында сурет көрмесін үйымдастыру.

Әдіскер м.а.:

Д.Жақыпова